

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». (1-5 т. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017. Толықтырылып, өңделіп екінші басылуы).
атты ғылыми энциклопедияның

КОНЦЕПТУАЛДЫҚ НЕГІЗІ

Ең алдымен ұсынылып отырған ғылыми энциклопедияны жасақтау барысында айрықша концептуалдық маңызы болған «тарихи этнография», «дәстүрлі мәдениет», «этномәдени дәстүр», «мәдени этникалық дәстүр» немесе «тарихи мәдени дәстүр» сынды ұғымдардың өзара семантикалық байланысы жөніндегі мәселелерді нақтылай кетудің қажеттілігі туындап отыр. Өйткені, аталмыш ұғымдар ұсынылып отырған энциклопедияда бір бірінің орнына қолданыла берілгендіктен оқырмандар үшін олардың әрқайсысының мазмұнын білу өте маңызды. Этнология саласында қалыптасқан ғылыми-зерттеу іс-тәжірбиесінде «тарихи этнография» ұғымы әдетте екі мағынада қолданылады. Біріншісі бойынша этнология ғылымының жеке саласы, ал екінші мағынада этнология ғылымы зерттейтін объект ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда «тарихи этнография» ұғымы жоғарыда аталған «дәстүрлі мәдениет», «этномәдени дәстүр», «мәдени этникалық дәстүр» немесе «тарихи мәдени дәстүр» ұғымдарының синонимі болып табылады. Сондай-ақ этнологиялық зерттеулердің барлығына дерлік аталмыш ұғымдардың тағы бір мағыналық эквиваленті «этникалық мәдениет» этнология ғылымының бірден бір зерттеу объектісі ретінде қарастырылып жүр. Сонғы ұғымның семантикалық ауқымы мен өрісі тұрғысынан оның этнологияның зерттеу объектісі болып табылатындығына еш күмән тумаса керек. Яғни бұл ұғымдар бірыңғай семантикалық қатарды құрайды. Жоғарыда айтылғандай, энциклопедиядағы тиісті мақалаларда бұл ұғымдардың әрқайсысының бір бірінің орнына қолданыла беретіндігі сондықтан. Мұндай ұғымдық-категориялық нақтылаудың, әсіресе, концептуалдық маңызы сонда, ол оқырмандарға энциклопедиялық мақалаларымен танысу барысында методикалық дұрыс

бағыт-бағдар береді. Ұсынылып отырған бес томдық энциклопедия толық қазақ халқының совет дәуіріне дейінгі дәстүрлі мәдениетін энциклопедиялық форматта зерттеуге арналған. Осы ретте қазақтың дәстүрлі мәдениетін Қазақстанның ерекше қатаң ландшафтық және климаттық доминанттық ерекшелігіне бейімделген көшпелі социумның тыныс-тіршілігін ұйымдастыру мәдениеті ретінде бағамдаудың да концептуалдық һәм теориялық-методологиялық маңызының зор екендігін ерекше екішеп айтқан жөн. Зерттеліп отырған тарихи-этнографиялық проблематиканың айрықша ауқымдылығын және сан деңгейлі, сан салалы күрделілігін ескеріп, авторлар ғылыми зерделеудің энциклопедиялық форматын таңдады. Өйткені, расында да, этнология, әлеуметтік және мәдени антропология саласындағы халықаралық іс-тәжірбие айқын айғақтап отырғандай, өзінің жанрлық һәм ғылыми-танымдық қолданыс аясы мен ерекшелігіне байланысты ғылыми этнографиялық энциклопедия ғана оқырмандардың, соның ішінде ғалымдардың да қазіргі кезеңде әсіресе үдейе түсіп отырған рухани-танымдық сұранысын қанағаттандыра алады. Қарастырылып отырған энциклопедиядағы көптеген мақалалар өзінің концептуалдық-теориялық ауқымдылығы мен жаңашылдығы һәм тереңділігі жағынан монографиялық зерттеулермен де әбден шендесе алады деп еш әсіресіз айтуға болады. Мысал ретінде күні бүгінге дейін отандық этнология саласында әлі де жұмбақ күйдегі қазақ руы мәселесіне арналған энциклопедиядағы мақалалар циклын айтуға болады. Оларда отандық тарихнамада тұңғыш рет жетіаталық экзогамиялық бірлестіктің бірден бір ру екендігі фактология жағынан да, теориялық тұрғыдан да негізделінді (3, 5 тт.). Сондай-ақ жүздік құрылымының да институционалдық табиғаты мен функциясы да зерттелініп, нәтижесінде үш жүздік таксондардың пайда болуын қазақ этносының үшке бөлінуі емес, керісінше үш жүздік жүйеге ұйымдасу үрдісі ретінде бағамдаған жөн деген қорытынды жасалды. Өйткені ру да *жетіата*, үш жүздік құрылым да, шынуайтында, қазақ

этносның көшпелі тіршілік салты жағдайында өзін өзі ұйымдастырудың әр деңгейлік формалары болып табылады.

Тарихи-этнографиялық энциклопедияны жасақтаудың қажеттілігін оның ғылыми-танымдық маңызы тұрғысынан ғана емес, қазіргі кезеңде еліміздегі қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси тыныс-тіршілігінің контексті жағынан да түсіндіріп негіздеуге болады. Соңғы кезде қоғамның барлық салаларындағы әсері айрықша қауқарлы жаһандану үрдісі ежелден қалыптасқан этникалық мәдени дәстүрдің ұлтты ұйымдастыратын, жұмылдыратын қуатынан айырыла түсуге әкеліп отыр. Бұл жайт этностың, соның ішінде, әсіресе, жастардың ұлттық санасын соңғы кезде әлсірете түсті. Демек ұлттық-этникалық мәдениет өзінің әуел бастан халықты жұмылдыратын һәм ұйымдастыратын «энергетикалық» күш қуатын жоғалта бастаған сыңайлы. Бұл жағымсыз үрдіс жалғаса берсе әйгілі француз структуралісі әрі әдебиеттанушы-семасиолог Р.Барттың этностың қорғаныс механизмі деп атаған («ethnic osmosis») ұлттық иммундық жүйенің, яғни мәдени дәстүрдің тарихтың еншісіне айналуы әбден кәдік. Осындай жағдайда ұлттық мәдениеттің жан жақты зерттеліп зерделенуінің бар нәтижесі ғылыми энциклопедиялық форматпен берілуі, сөз жоқ, халықтың мәдени танымын ұлғайтуға да, күшейтуге де өз септігін әжептәуір тигізеді.

Ұсынылып отырған энциклопедияда этнология, тарих, этнолингвистика, белгілі бір дәрежеде әдебиеттану салаларындағы сан жылғы жетістіктер тоғысып түзілді деп айтуға әбден болады. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп отырғандай, энциклопедияда іргелі мәселелер де әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың соны жетістіктерінің контекстінде зерделенгендігін ерекше атап өткен жөн. Бұл жайт, сөз жоқ, энциклопедияның танымдық тағылымының ерекше әлеуетін айғақтаса керек.

Энциклопедиялық мақалалар ең алдымен әлеуметтік және мәдени антропология саласындағы жетекші ғалымдардың ғылыми іс-тәжірбиеде

өзінің эвристикалық пәрменін айрықша айғақтаған белгілі теориялық-методологиялық постулаттарына негізделінді. Солардың арасындағы, әсіресе, төменде келтіріліп отырған, концептуалдық ұстанымдардың танымдық тағылымы ерекше: а) этностың болмыс-бітімін білдіретін әрі тіршілік құруының тәсілі ретінде этникалық мәдениет оның әлеуметтік бірігуінің, жұмылуының, ұйымдасуының механизмі болып табылады. Этносаралық қатынастар жүйесінде аталмыш механизм этникалық даралайтын сан салалы функция атқарады. Яғни этностың құрылымдық-функционалдық бірегейлігін һәм ерекшелігін қамтамасыз етеді әрі айқындап, айғақтап отырады; б) сонымен бірге мәдениет, соның ішінде этникалық мәнді типі де, адамдар hareketін жүзеге асырудың таза әлеуметтік жасақталынған тәсілі (құралы), технологиясы болып табылады (Л.Уайт, Э.С.Маркарян). Соңғы концептуалдық қағиданы ғалымдар әдетте мәдени дәстүрдің табиғатын зерделеудің «технологиялық» ұстанымы ретінде қарастырады.

Эвристикалық қауқары һәм мүмкіндігі тұрғысынан аталмыш екі теориялық көзқарастарды бірін бірі өзара толықтырып тұратын ұстанымдар ретінде қарастырған жөн. Осы ретте айта кетер жайт, екеуін де, әсіресе, әлеуметтік және мәдени антропологияның өкілдері белсенді қолданады. Ал энциклопедияны жасақтау барысында қазақтың мәдени дәстүрінің сан алуан, сан қырлы компоненттерін, қасиеттерін, құбылыстарын олардың әрқайсысы атқаратын тиісті этникалық функциясы тұрғысынан зерттеуде аталмыш концептуалдық ұстаным-қағидалардың методологиялық маңызы өлшеусіз болды десек асырып айтқандық болмайды.

Сондай-ақ дәстүрлі көшпелі ортадағы әлеуметтік қатынастардың, оның институттарының һәм сан бағыттағы шаруашылық-мәдени hareketінің құрылымы мен функцияларын зерделеуде төменде келтіріліп отырған белгілі философиялық-экономикалық қағида басшылыққа алынды. Осы қағида бойынша, этникалық ұжымның кез келген әлеуметтік маңызды іс-әрекетін қоғамдық қатынастың функционалдық күйі ретінде қарастырған

ләзім. Сонымен қатар өз кезегінде қоғамдық қатынас аталмыш әлеуметтік харекеттің құрылымы болып табылады. Расында да этникалық ұжымның мүшелері материалдық және рухани құндылықтарды өндіру барысында міндетті түрде қажетті әлеуметтік қатынасқа түседі. Осы тұрғыдан келгенде әлгі әлеуметтік қатынас аталмыш әлеуметтік харекеттің құрылымына айналады. Сонымен бірге қоғамдағы материалдық және рухани игіліктерді өндіруге байланысты күллі «технологиялық» үрдісті ұйымдастыратын да, бағыттайтын да аталмыш қоғамдық қатынастар жүйесі. Демек қоғамдық қатынас өзінің ұйымдастыру һәм бағыттау функциясын тиісті әлеуметтік іс-әрекет түрінде атқаратындықтан, әлгі іс-әрекет аталмыш қоғамдық қатынастың функционалдық күйін білдіреді.

Келтіріліп отырған теориялық қағиданың, әсіресе, энциклопедиядағы ең іргелі мәселелердің бірегейлері – қазақ руы «жетіата» проблемасын және үш жүздік құрылымды зерттеудегі методологиялық рөлі өлшеусіз болды.

Энциклопедияға қажетті материалдарды іздестіру, жинақтау, сұрыптау, жүйелеу және талдау барысында, әсіресе, когнитивтік антропологияда ежелден қолданылатын когнитивтік әдіс-тәсілді басшылыққа алудың эвристикалық пәрмені айрықша болғандығын ерекше екшеп айтқан жөн. Бұл әдіс-тәсілдің мән-маңызы сонда, қазақтың тарихи этнографиясы көшпелі ортада қолданыста болған сан алуан этнографиялық категориялар, ұғымдар және атаулар тұрғысынан зерттелінді. Бұл тәсілдің айрықша эвристикалық пәрменін һәм тиімділігін төмендегідей жайтпен түсіндіруге болады. Дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден орныққан және үнемі қолданыстағы шаруашылық, мәдени, ғұрыптық, институционалдық салалар бойынша көшпелілердің ұрпақаралық-этникалық бай тәжірбиесі әрбір ұрпақтар буынының жадында категориялар, ұғымдар мен атаулар түрінде сақталып қолданысқа түседі әрі жетілген күйде келесі ұрпақтарға беріліп отырады. Түптеп келгенде кез келген ұрпақтар буыны, ең алдымен, аталмыш категориялар, ұғымдар мен атаулар аталмыш ұрпақаралық-этникалық тәжірбиені игерудің және белсенді қолданудың бірден бір

мүмкін бастау-көзі болды. Олардың жаңа ұрпақтың белсенді әрі жан-жақты қолданысына түсуі сондықтан. Синонимдер болып табылатын бұларды экстралингвистикада, әлеуметтік, когнитивтік және мәдени антропологияда этномәдени (лингвомәдени) модустар, универсалийлер, аксиологиялық (семасологиялық) константтар немесе когнитивтік бірліктер деп атайды. Көшпелі ортадағы тіршіліктің барлық салалары мен бағыттары һәм деңгейлері қандай байланыста болса олардың категориялық-ұғымдық моделдері болып табылатын осынау универсалий-модустардың да байланысы сондай болды. Бұл анықтаманың концептуалдық маңызы сонда, ол этнографиялық проблематиканың тиісті элементтерін өзара себеп-салдарлық байланыста зерттеп зерделеуді міндеттейді.

Сонымен аталмыш когнитивтік тәсілді энциклопедияда қамтылған әрбір мәселені зерттеуде де қолдану айрықша тиімді болып шықты. Яғни тарихи-этнографиялық проблематиканың мәселелерінің әрқайсысын оның төл атауы арқылы іздестіру, жинақтау, жүйелеу және зерделеу өлшеусіз нәтиже берді. Сөйтіп, жалпы саны 10000-нан астам когнитивтік бірліктерді қамтитын барлығы 5846 мақала жазылды. Сонымен қатар аталмыш когнитивтік тәсіл әртүрлі себептермен күні бүгінге дейін зерттеушілердің назарынан қалыс қалған, яғни мүлдем зерттелмеген 4000-нан астам әрі тілші мамандарға да беймәлім этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды анықтаудың сәті түсті. Яғни осыншалықты тың тарихи этнографиялық проблемалар өз зерттеушілерін күтіп отыр деген сөз. Алайда бұдан аталмыш тың проблемалар энциклопедияда қарастырылған жоқ деген жаңсақ пікір тумаса керек. Анықталған проблема-тақырыптар энциклопедиялық форматта зерттелініп, ғылыми айналысқа енгізілді.

Сонымен, энциклопедиядағы қамтылған мәселелерді жоғарыда аталып методологиялық-теориялық мән-маңызы нақты мысалдармен айғақталынған концептуалдық қағида-ұстанымдарға жүйелі әрі үнемі негіздеп зерттеудің нәтижесінде, осы басылымға жоғары баға берген ғалымның сөзімен айтқанда, ұлттық мәдениеттің шынайы «антологиясы болып табылатын»

зерделеу диапазоны ерекше ауқымды, мазмұнының танымдық тағылымы өлшеусіз қазақтың тарихи-этнографиялық энциклопедиясын жасақтауға мүмкіндік туды. Ұсынылып отырған басылымның оқырмандардың барлық категориясы, соның ішінде ғалымдар үшін де ғылыми-танымдық маңызының ерекшелігі өз алдына, ол ұлт мәдениетін республика деңгейінде де, халықаралық салада да дәріптеудің аса көрнекті құралы функциясын атқарады.